# КЕЛБЕТІ МЕН КІСІЛІГІ КӨРКЕМ ЕДІ

Сарыарқаның сайын даласында орын тепкен, қойнауы қазынамен малға мол, қыдыр қонып, құт дарыған шежірелі Шет өңірінде абыройлы еңбек етіп, ауданның экономикасының дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына өзіндік үлесін қосқан, артына ауыз толтырып айтарлықтай ісі мен ізін қалдырған Рақымжан Рәшитұлы Мақсұтовтың өмірден озғанына да жылдың жүзі болып қалды.

Бүкіл әлемді жайлаған ауыр індеттен өткен жылдың 23 шілдесінде Рақымжан замандасымыз жалған фәни дүниеден бақилыққа, мәңгілікке аттанғанды. Тірі болғанда биыл 75 жасқа келгенін тойлаушы едік.

Рақымжан Жаңаарқаның тумасы, 1947 жылдың ақпан айының 12 жұлдызында Атасу кентінде дүниеге келген. Әкесі Рәшит мұғалімдік қызметте болған. Анасы Әлиман өмірге 7 перзент әкелген аяулы, алтын құрсақты ана.Рақымжан отбасының тұңғышы болатын.

1965 жылы аудан орталығындағы бұрынғы «Күн көсем», қазіргі Оразалы Жұмабеков атындағы орта мектепті бітіріп, Рақымжан 2 жылдай қой бағып, сол замандағы мектеп бітіргендерге қоятын талапқа сай өмірлік тәжірибе жинақтап, Қарағанды кооперативтік институтына түсіп, оны 1973 жылы үздік тәмамдап, қаржыгер мамандығын алады.

Жас маман сол жылы жаңадан ашылған Жезқазған облысының Ақадыр ауданында еңбек жолын аудандық тұтынушылар одағының қатардағы мамандығынан бастайды.

"Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы" дегендей, жастайынан әкеден балаға берілген тәлім-тәрбие бекерге кеткен жоқ. Рақымжан өмір жолында жұмысқа деген жауапкершілігі мен ұстамдылығын, тиянақтылығын көрсете білді. Біраз уақыт ауданда сауда бөлімшесін басқарып, көп ұзамай тұтынушылар одағының (РайПО) төрағасының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылайды.

«Еңбек жолымда менің өсіп, өркендеуіме сол кездегі аудан басшылары И.Колбасин, Қ.Медиев, А.Смағұлов, Д.Нұркеев, А.Туғанбаев, Т.Армиянов, С.Жаппаров сынды ағалардың қолдауы мен қамқорлығын көп көрдім» - деген еді Р.Мақсұтов өзінің естелігінде.

1988 жылы Рақымжан Рәшитұлы Шет ауданының тұтынушылар одағына ауысып, төрағаның орынбасары, кейіннен басшысы болып, өзіне таныс қызметін жалғастырады.

Осы кезеңнен бастап, осы жолдардың авторы Рақымжанмен өмірінің соңына дейін еңбек жолында, тұрмыс-тіршілікте бірге болып, сыйластықта өмір кештік.



Өткен ғасырдың 90 жылдардың басында кеңес өкіметі құлап, халық тіршілігі тығырыққа тіреліп, дүкен сөрелері бос қалған кезде жұртшылықтың сұрауын тауып, халыққа қызмет көрсету сауда саласының басшыларына нағыз қатал сынақ болғанын білесіздер.

Рақымжан бұл қиын кезеңде де өзіне тән адами болмысымен сабырлығы мен табандылығының арқасында аз нәрсені (тауар) айқай шусыз қалың тұтынушыларға жеткізуде өзінің іскерлігін көрсете білді.

1997-2005 жылдары Рақымжан Шет ауданы әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болып, аудан әкімі Кәкімжан Сархановтың басшылығымен саланың күрмеуі қиын мәселелерді шешуде өзінің білімі мен біліктілігін көрсетіп, абыройлы қызмет атқарды. Әрі қарай еңбек жолы 2005-2012 жылдары аудандық Мәслихаттың хатшысы лауазымында жалғасты.

Тәуелсіздіктің осы бір күрделі кезеңінде әріптесім Рақымжан Рәшитұлы жұмысқа деген жауапкершілігі мен ұйымдастырушылық қабілетін толықтай танытты.Ортада өте сыйлы, жүзі жарқын, парасаты мол, абыройлы азамат екенін көрсетті.

Келбеті мен кісілігі көркем, қашанда болсын алдына келген үлкен-кішіге жылы, жарқын жүзбен қарсы алып, шығарып салатын. Қолынан келген жақсылығын аямайтын.

Ауданның аға буын өкілдері мен зиялы қауымы Рақымжанды шынайы құрметтеп, сыйлады.

Рақымжан Рәшитұлы аудан көлемінде қоғамдық жұмысқа да белсене атсалысты. 2002-2012 жылдары «Нұр-Отан» партиясының Шет аудандық филиалының төрағасы болып, аудан тұрғындарының арасында партия ұйымының беделін көтеруге көп қолдау көрсетті.

Замандасым Мақсұтов Рақымжанның ұзақ жылғы еңбегі дер кезінде бағаланып, ауданның, облыстық Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарымен марапатталды. 2005 жылы ҚР Конституциясының 10 жылдық және 2011 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдық Мерекелік медальдарымен наградталды.

Аяулы жары Ақмаралмен өмірде 4 ұл-қыз, перзент әкеліп, бәрін тәрбиелеп, оқытып, құтты орындарына қондырды.

Рақаңның өткен өмірінде реніші жоқ шығар десек те, бар еңбек жолын облыстың Ақадыр, Шет аудандарының дамуына, халықтың әл-ауқатының жақсаруына өзіндік үлесін қосқан арда азаматтың дүниеден әлемге тосыннан келген ауыр індеттен өтуі өкінішті-ақ.

Аса қадірлі сыйлас-замандас Рақымжан бауырым сені біз өлді деуге қимаймыз. Өмірден озды дейміз. Ізіңді жалғастырар ұрпағының барына шүкіршілік айтамыз. Жатқан жерің мамық болып, жаның жәннатта, орның пейіште болғай. Ұрпағына ұзақ ғұмыр берсін. Жылдыққа арналған ас, оқылған Құран бір Алла қабыл етсін.

**Боранбай ЖҰМКИН,**
**Шет ауданының**
**Құрметті азаматы.**